Хаттама №2.

С. Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектептің педагогикалық кеңес отырысы

Күні: 2.11.2023

Қатысқаны – 42

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. Баяндама „Заманауи мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі мектептің табысты дамуының

Сканировано с CamScanner

негізі ретінде. Баяндамашы: Құлынтаева Л.
2. Жаратылыстану - математика пәндері бойынша халықаралық PIZA, TIMSS зерттеулеріне дайындау жұмыстары туралы. Б. Нысаналы, Н. Жылқайдар.
3. Тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысы. Г. Ақш...
4. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары. Б. Нұрсұлтанова
5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің орындалуы туралы ыстық тамақтың берілу деңгейі. М. Қайра...
6. 1 және 5 сынып оқушыларының бейімделуі.
* Психолог Ж. Кенжетаева, сынып жетекшілері.

С. Оразалин атындағы ЖОББМ директоры А. Дошақ сөз сөйледі. Күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталып, №1 педагогикалық кеңесте қабылданған қаулылардың орындалуына тоқталды. Күн тәртібі мәселелерімен таныс

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі Л. Құлынтаева сөз алды, баяндама жасады.

Қазіргі заман мұғалімі - рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың бәрін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын жауапкершілікті тұлға. Өзінің әрбір оқушысының ерекшелігі мен зейінін жақсы білетін қамқор, психолог болуы керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша физика пәні мұғалімі Б. Нысаналы сөз алды.

PISA - халықаралық зерттеудің мақсаты 15 жастағы оқушылардың математикалық, жаратылыстану мен оқудағы сауаттылығын бағалау болып табылады. Зерттеудің негізі мектептік бағдарламасын меңгеруге емес, жеке тұлғаның дамуындағы білім дүниетанымын шыңдау, әртүрлі өмірлік жағдайларда шешім қабылдай алатын қабілеттерін дамытуға бағыттау. Осы түсінікті басшылыққа ала отырып 9-сынып оқушыларынан тест тапсырмаларын алып отырмын. Нәтижесі талдаулар, қателермен жұмыстар жүргізіліп отыр.

Жылқайдар Н.

PISA зерттеуінде математика бойынша жеке ойлау қабілеттеріне бағытталған тест тапсырмаларының мазмұнына ерекше көңіл бөлінеді. Ол математикалық ойлаудан және құбылыстарды сипаттауға, түсіндіруге және болжау

CS Сканировано с CamScanner

үшін математикалық тұжырымдамаларды қалдақудан тұрады. Осы бағыт бойынша оқушылардан тест алынып отыр. Нәтижесі тексеріліп, оқушылар қатемен жұмыс жасауда.
Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша оқу ісі меңгерушісі Г. Акимова сөз алып, тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысын айтып өтті.
2-класс 68,70%, $3^{а}$ класс - 64,20%, $3^{ә}$ класс - 64%, 4-класс - 57%, $5^{а}$ класс - 80%, $5^{ә}$ класс - 50%, 6-класс - 47,60%, 7-класс - 78,50%, 8-класс - 31,20%, 9-класс - 59%, 10-класс - 47,60%, 11-класс - 40%.
Кей сыныптарда бір пәннен 3-ке, 4-ке ұстаған оқушылардың барлығын, олармен қосымша жұмыс жасау керектігін пән мұғалімдеріне ескертіп айтты.
Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша тәрбие ісі орынбасары Б. Нұрыманова сөз алды. Мектептегі жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына тоқталды.
С. Оразалин атындағы ЖОББМ-де оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Мектеп психологі Ж. Кенжеғалиева тренингтер өткізсе, Б. Нұрыманова қылмыстың алдын алуды бағдарлау мақсатында түсінік жұмыстарын жүргізді. Сынып жетекшілері „Мен және Заң", „Жауапкершілік түрлері" тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. З. Жуанышев 9-11-сынып оқушыларымен „Құқықбұзушылықтың алдын алу - басты міндет" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Жас ұрпаққа білім беру аз, оларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу керек.
Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог М. Қайранатова сөз алды.
С. Оразалин атындағы ЖОББМ-де мемлекеттік қызмет бойынша 2023-2024 оқу жылында бір мезгіл тамақтанатын қамқоршылық кеңес пен аз қамтылған балалар саны - 25 оқушы, бір мезгіл тамақтанатын 1-4-класс - 31 оқушы.
Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша психолог Ж. Кенжеғалиева сөз алды
Бірінші, бесінші сынып оқушыларының ортаға бейімделуі үшін бірқатар жұмыстар жүргізді.

CS Сканировано с CamScanner

Социометрия әдістемесі. Мақсаты: Сынып оқушы-ры арасындағы қарым-қатынасты зерттеу.
Н.Г. Лусканова сауалнамасы. Мақсаты: Оқу мотивациясының деңгейін бағалау.
„Менің сыныбым" әдістемесі. Мақсаты: Оқушылардың орта буынға, сынып жетекшіге бейімделу
„5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері" тақырыбында ата-аналармен кездесу өт
А. Әбдірразиева - 5ә-сынып жетекшісі
Бастауыштан орта буынға ауысу әртүрлі түрде мектептегі педагогикалық қиын мәселелердің бірі болып саналады, ал 5-сыныптағы бейімделу кезеңі мектептегі ең қиын кезеңдердің бірі бол саналады. Бұл оқушының психикасына жүктеменің артуымен байланысты өйткені 5-сыныпта оқу жағдайында күрт өзгеріс болады.
Қыркүйек, қазан айларында тәрбие жұмысы жұм жоспарына сәйкес жүргізілді. Сынып оқушылары ұстаздарға, бір-біріне құрметпен қарайды. Мұғалімдердің сынып туралы пікірі жақсы. Оқу озаты оқу екпінділері - 4 сыныптағы оқу сапасы - 50%.

С. Оразалин атындағы педагогикалық кеңес отыр қаулы етеді.

1. „Заманауи мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі мектептің табысты дамуының негізі ретінде" тақырыбындағы Л. Құлынтаеваның баяндамасы „қанағаттанарлық" деп бағалансын.
2. Жаратылыстану-математика пәндері бойынша халықаралық PISA, TIMSS зерттеулеріне дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.
3. Тоқсан бойынша білім сапасының нәтижесі „қанағаттанарлық" деп танылсын.
4. Білім сапасын көтеру мақсатында оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп, қосымша тапсырмалар беру, пәнге қызығушылығын арттыру пән мұғалімдеріне тапсырылсын.
5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын жоспарлы түр жүргізу, тәртіп сақтауларына, сынып жетекші пән мұғалімдеріне жүктелсін.
6. Ыстық тамақтың берілу деңгейін ба оқушылардың асханаға баруын қадағалау

CS Сканировано с CamScanner

жауапты мамандарға жүктелсін.
4. 1,5-сынып оқушыларының мектепке, орта буынға бейімделуін бақылау пән мұғалімдеріне, мектеп психологына, сынып жетекшілеріне міндеттелінсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: [signature] А. Дошаев.
Педагогикалық кеңес хатшысы: [signature] Л. Жалғасбаева

Сканировано с CamScanner